# 2024 жылдың 16-17 қазанда Сәрсен Аманжолов атындағы ШҚУ университетінде өткен 6В013 «Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» XV Республикалық пәндік «Табысты болашақ ұстаз – ұлт кепілі» атты олимпиадасының қорытындысы

Олимпиадаға ҚР жоғары оқу орындарының 6В013 – «Пәндік мамандандырылмаған мұғалімдерді даярлау» бағыты бойынша күндізгі оқу бөлімінің 2-3 курс білім алушылары қатысты.

Команда құрамы – 4 білім алушыдан тұрды және команда жетекшісі болды.

**«Табысты болашақ ұстаз - ұлт кепілі» атты** XV Республикалық пәндік олимпиада төрт кезеңнен тұрды:

**1-кезең. «Мұғалім оқушыны табысқа жетелейді»** атты командалардың таныстырылуы. Командаларға болашақ бастауыш сынып мұғалімі мамандығының маңызын ашуы, креативті жеткізуі, команданың бірлесіп ортақ мәселенің шешімін табуға деген әлеуеттік мүмкіндіктері анықталады (5 минут).

**Ескерту:** *Таныстырлымның дәстүрлі үлгілеріне қарағанда (өлең, ән-күй, би), жаңа форматтары құпталады.*

КРИТЕРИЙЛЕРІ:

- бастауыш сынып мұғалімі мамандығының маңызын ашу - 3 ұпай;
- таныстырылымның тақырыпқа сәйкестігі - 3 ұпай;
- қатысушылардың сөйлеу мәдениеті - 3 ұпай;
- креативтілігі - 3 ұпай;
- регламентті сақтауы - 3 ұпай.

Ең жоғары баға - 15 ұпай.

**2-кезең. «5 минутта жаса».** Команда мүшелеріне қалдық заттар беріледі. Сол қалдық заттардан сабақ барысында қолдануға тиімді көрнекілік әзірлеп, оны сабақтың қай кезеңінде қолдануға болатынын түсіндіреді. (5 минут), (команда мүшелерінің бірлесе жұмысты ұйымдастыра білуі оның нәтижесін көрсетуі). ***Ескерту командадан екі қатысушы орындайды.***

КРИТЕРИЙЛЕРІ:

- тапқырлығы - (3 ұпай);
- шығармашылығы - (3 ұпай);
- шапшаңдығы, тез ұйымдастыра білуі - (3 ұпай);

Ең жоғары баға – 9 ұпай.

**«Күш білімде»** теориялық сайысы

2 курс үшін

- Педагогика;
- Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі

3 курс үшін

- Педагогика;

Математиканы оқыту әдістемесі бойынша тест. (Тест ұзақтығы - 40 минут) ***(командадан екі қатысушы қатысады).***

МАҚСАТЫ: Пәндер бойынша теориялық білімдерін тест тапсырмалары арқылы дәлелдеу.

***Ескерту:***

- тест сұрақтарының саны - 30;
- тестілеу уақыты - 40 минут;
- әр командадан 2 қатысушы;
- жалпы командалық ұпай команданың барлық қатысушыларының жеке жетістіктері арасындағы арифметикалық орташа мәнді есептеу арқылы анықталады.

КРИТЕРИЙЛЕРІ:

- әрбір дұрыс жауап үшін - 1 ұпай;

Ең жоғары баға – 40 ұпай.

**3 кезең. «Оқимын, талдаймын»** Командаларға оқу сауаттылығына бағытталған бірдей мәтін беріледі, қатысушылар мәтінге Блум таксономиясына сәйкес тапсырма құрайды (15 минут).

КРИТЕРИЙЛЕРІ:

- стандартты емес мәтінмен жұмыс істей білуі - 3 ұпай;
- ақпаратты көре білуі - 3 ұпай;
- Блум таксономиясына сәйкес тапсырмаларды құрай білуі -3

Ең жоғары баға – 9 ұпай.

**4 кезең «Педагогикалық симфония» практикалық сайысы** (үй тапсырмасы, бейнесабақ)

Болашақ педагогтердің пәндік білімдерінің сапасын анықтауға, олардың педагогикалық іс-әрекетіне қажетті кәсіби тұлғалық әлеуеттерін жетілдіруге, командалық жұмыста өз-өздерін танытуына, ізденістік қабілеттерін шыңдауға, дарынды және қабілетті білім алушыларға қолдау көрсетуге бағытталған шығармашылық сайыстың ұйымдастырылып өтуі. Мемлекеттік стандарт талаптары бойынша оқушылармен бірлескен іс-әрекеттерді ұйымдастырудағы кәсіби дайындықтарын танытуы (15 минут).

КРИТЕРИЙЛЕРІ:

- сабақтың (тақырыбы мен мазмұнының белгіленген уақыттағы жоспарға сәйкес келуі) - 3 ұпай.
- білім беруге енгізіліп жатқан жаңа әдістер мен тәсілдердің көрініс табуы - 3 ұпай.
- оқыту мақсаттарының оқу бағдарламасына сәйкестігі - 3 ұпай.
- оқушының оқу жетістіктерін бағалау, кері байланыс, рефлексия - 3 ұпай.

Ең жоғары баға – 12 ұпай.

Олимпиада қатысушыларының білімін бағалау үшін әділ қазылар алқасы құрылды:

Комиссия төрайымы:

Жуманова Гаухар Сайлаубековна - п.ғ.к., «Өрлеу» Біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы ШҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының директоры, олимпиада төрайымы.

Комиссия мүшелері:

1. Кадирова Айгуль Чуленбаевна - Өскемен қаласы әкімдігінің «№49 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры;

2. Кайназарова Индира Муратбековна - Өскемен қаласы әкімдігінің «Зәки Ахметов атындағы №16 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші;

3. Каирбаева Еркеш Ергалиевна - Өскемен қаласы әкімдігінің «№46 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу-ісі жөніндегі орынбасары;

4. Абилтаева Эльвира Амангельдыкызы - п.ғ.м., Өскемен қаласындағы «Нұрорда» мектеп-лицейі» мекемесінің бастауыш сыныптар бойынша оқу ісінің меңгерушісі.

**Олимпиадаға барлығы 17 ЖОО командалары қатысты.**

Олимпиаданың қорытындысы бойынша жеке есепте ЖБжҒМ-і мен командалық есепте Басқарма төрағасы – Ректордың дипломдары берілді.

**1. Жеке есепте Жоғары білім және ғылым министрлігі дипломдарымен марапаттау үшін төмендегі ЖОО-ның командалары ұсынылды:**

**І дәрежелі диплом:**

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің командасы.

**ІІ дәрежелі диплом:**

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің командасы;

Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің командасы.

**ІІІ дәрежелі диплом:**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің командасы;

А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының командасы;

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің командасы;

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің командасы.

**2. Командалық есепте Басқарма төрағасы – Ректордың дипломымен төмендегі ЖОО-ы командалары марапатталды:**

**2 орын:**

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің командасы;

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің командасы.

**3 орын:**

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің командасы;

Семей қаласының Шәкәрім атындағы университетінің командасы;

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің командасы;

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының командасы.

**3. «Табысты болашақ ұстаз - ұлт кепілі»** атты XV Республикалық пәндік олимпиаданың төрт кезеңі бойынша **номинациямен** марапатталған ЖОО-ы командалары:

**«Мұғалім оқушыны табысқа жетелейді»** атты номинация - Астана халықаралық университетінің командасы.

**«5 минутта жаса»** атты номинация - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің командасы.

**«Күш білімде»** теориялық сайысы бойынша номинация - І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің командасы.

**«Оқимын, талдаймын»** атты номинация - А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінің командасы.

**«Педагогикалық симфония» практикалық сайысы** бойынша номинация - Alikhan Bokeikhan University командасы.

Комиссия төрайымы: Г.С.Жуманова

Комиссия мүшелері: А.Ч. Кадирова
И.М. Кайназарова
Е.Е. Каирбаева
Э.А. Абилтаева